

## **ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқыту-әдістемелік орталығының туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бөлімінің жұмысы жөніндегі есеп**

Тәрбие мен білім берудің озық үлгілері негізінде балалардың қосымша білім жүйесін жандандыру, туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттар бойынша білім алушылардың зерттеушілік және жобалық шығармашылықтарындағы біліктілік деңгейін арттыру.

Бөлім міндеттері:

Бағдарламалық-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және сараптамалық қамтамасыз ету құралдары арқылы балалар қосымша білім беру жүйесіндегі туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттарды дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Бөлім бағыттарының спецификасына сәйкес келетін инновациялық технологияларды енгізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату.

Туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттар бойынша республикалық маңызға ие мектептен тыс шараларды, республикалық конкурстар мен сайыстарды ұйымдастыру және өткізу.

Белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында мынадай жұмыстар атқарылды:

Ұйымдастыру-дайындау жұмыстары жүргізіліп, «Менің Отаным – Қазақстан» – «Ұлы Дала Елі» (бұдан әрі - Слет) туристік-өлкетану экспедициялық топтардың республикалық слеті өткізілді. Слет Оңтүстік Қазақстан облысы Бургулюк тау шатқалында орналасқан «Бәйшешек» лагерінде 2016 жылғы 13-14 мамыр аралығында өтті. Слет қатысушылары «Менің Отаным – Қазақстан» («Ұлы Дала Елі») туристік-өлкетану экспедициялық топтардың аймақтық жарыстарының жеңімпаз топтары болды.

Слеттің мақсаты: бұл республикада балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға, отансүйгіштікті және азаматтық сезімді тәрбиелеуге, жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, олардың қабілеттерін ашуға, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық өмірге бейімделуіне, бос уақытын маңызды өткізуге бағытталған әлеуметтік-білімділік жоба.

Слеттің міндеттері:

1) көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу, өзге ұлттардың салт-дәстүріне оң қызығушылықты қалыптастыру, ізгіліктілікке және мейірімділікке тәрбиелеу;

2) балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын, кіші Отанын зерттеуге тарту;

3) білім алушылардың іздеу-зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру;

4) қоршаған ортаны сақтау жөніндегі зерттеу және практикалық жұмыстарына қызығушылық танытатын білім алушыларды анықтап, қолдау көрсету;

5) «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының ең үздік экспедициялық тобын анықтау;

6) білім алушылармен туристік-өлкетану жұмысының дәстүрлі үлгілерін сақтау және жетілдіру, жаңа түрлері мен әдістерін іздеу.

7) Қазақстан халқы фольклорлық мәдениетіне араластыру негізінде балалар шығармашылығын дамыту және қолдау;

8) республикадағы оқушылар туристік-өлкетану бірлестіктерінің жинақтаған тәжірибесін жинақтау және тарату;

9) баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының факторы саналатын тұлғалық-бағдарлық қырын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

Слетке облыстардан, Астана және Алматы қалаларынан 160 адам қатысты. Слетке қатысушыларға «Робинзонада» туристік тәсілдер элементтері көрсетілген шеберлік сағаттар өткізілді. Балаларға келесі жарыстардың түрі ұсынылды: түйінді байлау, шатырды орнату, рюкзактарды салу, от жағу, «сыйлық» байқауы және т.б. Слетте өлкетану зерттеу жобаларын қорғау, тұрған орнында бағдарлау бойынша жарыстар, жартастарға өрмелеу, кедергілер жолағынан өту, «Ұлы дала елі» Қазақстан халқының достығы фестивалі қарастырылған. Слет номинацияларын 12 әділ қазылар мүшелері: Оңтүстік Қазақстан облысы педагогикалық институтының, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің педагогтері, Қазақстан Республикасының спорттық туризм Ұлттық федерациясының, Кәсіпкерлік индустриалы-инновациялық даму және туризм басқармасының өкілдері, тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері бағалады.

Слеттің салтанатты жабылуы мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Алматы облыстарының, Астана және Алматы қалаларының жүлделі орындарға ие болған топтары дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Слеттің қатысушыларына сертификаттар Оңтүстік Қазақстан облысының Жас туристер станциясы мамандарына, жеңімпаздардың педагогтере алғыс хаттар табыс етілді.

Республикалық этаптың экспедициялық топтар жұмысын аймақтық және жергілікті деңгейлерде жандандыратындығы слеттің маңыздылығы мен тиімділігі болып саналады. Республикалық турға ілігу үшін командалар қалалық, айдандық және облыстық слеттерге қатысуы тиіс. Деңгейлік слеттерге қатысу арқылы денсаулықты нығайтып, әрі өз аймағы жөнінде біраз мағлұмат алып, коммуникативтік қызметтерді арттырып, сондай-ақ, жорықтар мен туристік жарыстар арқылы топпен жұмыс жасауды үйренуге болады.

Слет қатысушылары үзіліс арасында Біркөлік тау шатқалын туристер қалдырып кеткен қоқыстардан тазартты.

Республикалық слет экспедициялық топтардың туристік-өлкетану жұмыстарының бірігіп, дамуына септігін тигізді. Одан бөлек, Слет еліміздегі туризмді дамытуға қызығушылық танытатындарды ортақтастыруға мүмкіндік берді. Мұны Слет аясында өткен Республикалық үйлестіру кеңесінің отырысы дәлелдейді. Отырыста слет этаптарын өткізудің, туристік-өлкетану бағыттары жөніндегі қосымша білім беруді ұйымдастырудың тиімді жақтары сөз болды.

Отырыста туристік-өлкетану бағытының заманауи даму тенденциялары мен Қазақстандағы мектептік туризм мен өлкетануды дамыту мәселелеріне баса назар аударылды. Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысының ұсынымдары балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту бойынша тиімді жұмыстың практикалық бағдары болып табылады.

«Экспо-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы (бұдан әрі - Форум) **2016 жылғы 13-14 маусымда «Өрнек» жыл бойы жұмыс істейтін лагерінде** (Алматы облысы Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округі, Долан ауылы) өткізілді.

«Экспо-2017» аясындағы республикалық жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистер форумы бұл - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын, «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік-білім беру жобасы, республикадағы эколого-биологиялық бағыттағы қосымша білім берудің дамуы, инновациялық технологияларды пайдалана отырып білім алушылардың экологиялық білімін қалыптастыру.

Форумның мақсаты - балаларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайының мәселелерін зерттеуге тартуға, қуат көздерінің баламасын қолдануды дәріптеуге, тұлғаның шығармашылық дамуына, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, олардың қабілеттерін іске асыруға, қоғамдағы өмірге бейімделуіне жағдай жасау.

Форумның міндеттері:

1) қуатты үнемдеу мәселелерін шешуге бағытталған өлкетану, экология және қоршаған ортаны қорғау саласында зерттеу және әлеуметтік-практикалық қызметке қызығушылық танытатын білім алушыларды анықтау және қолдау;

2) республикада балалар бірлестіктерінің экологиялық және өлкетану әлеуметтік-практикалық қызметін белсендіру;

3) білім алушылардың экоорталықтас ойлауын қалыптастырудың инновациялық нысандары мен әдістерін іздеу;

4) жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Форумға облыстардан, Астана және Алматы қалаларынан жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің өңірлік форумының жеңімпаз 160 адам қатысты. Форумның бағдарламасында «ЭКСПО - 2017» арналған «Жасыл ғаламшар» шығармашылық жұмыстар көрмесі, энергияны сақтау мәселелеріне, табиғат ресурстарына ұқыпты қарауға бағытталған әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобаларын қорғау, «Экообъектив» фотобайқауын өткізу қарастырылған.

Форум номинацияларын 12 әділ қазылар мүшелері: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушылары, «Қазақ спорт және туризм академиясы» акционерлік қоғамының, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Ботаника және фитоинтродукция институтының, Қазақстанды көгалдандыру ассоциясының өкілдері бағалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Алматы қаласы білім басқармасымен бірлесе 2016 жылғы 13 маусымда балаларға экология-биологиялық бағытта қосымша білім беруді дамыту сұрақтары бойынша Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Үйлестіру кеңесінің отырысы Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Экспо-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы аясында өткізіледі.

**Форумның тиімділі мен маңыздылығы.** Республикалық форумның өткізілуі экологиялық мәдениеттің дәріптелуіне, азаматтық өзін-өзі танудың қалыптасуына, республикадағы білім беру ұйымдарындағы экологиялық жұмыстың жандануына, аталған бағыттың әрбір аймақтағы даму деңгейін анықтауға септігін тигізеді.

Форумның практикалық бағыттылығын атап өту керек. Жүз қырық жобаның жетеуі құрамы танымал экологтардан, министрліктер мен энергетика ведомстволарының өкілдерінен құралған салиқалы қазылар алқасынан қолдау тауып, өмірге жолдама алды. Олар балалар зерттеу жұмыстарының толықтай жүзеге асыруға болатын маңыздылығын мойындады.

Отырыс жұмысына ҚР білім және ғылым, энергетика, министрліктерінің, Алматы қаласының Мәслихат депутаттары, сонымен қатар білім беру ұйымдары, республиканың жас экологтар және натуралистер станциялары және орталықтары, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы, ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Үйлестіру кеңесінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың экологиялық білімін қалыптастыру сұрақтарын қарастыру жоспарланып отыр. Ведомствоаралық әрекеттесу жағдайында экология-биологиялық бағытта қосымша білім берудің жаңа тәсілдерін анықтау және жетілдірілген түрлерін дамытуға, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруға, «Жасыл экономика» бағдарламасы мен жоспарларына ерекше көңіл бөлінеді.

Туристік –өлкетанулық, эколого-биологиялық бағыттағы бағдарламаларыды жүзеге асырушы білім беру ұйымдарының педагогтер мен жетекшілеріне 3 әдістемелік ұсыным құрылған.

«Оқушының тұлғасының азаматтық сапасын қалыптастыруда экологиялық тәрбиенің өзектілігі» әдістемелік ұсынымдары экологиялық-биологиялық бағыттағы инновациялық технологияларды іске асыру қағидаттарын, экологиялық тәрбиелеу бағдарламаларын, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру модельдерін, мектеп оқушысы тұлғасының азаматтық

қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған қосымша білім берудің табиғат қорғау және экологиялық іс-шараларын өткізу сфераның қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны экологиялық және табиғат қорғау қызметі, халықаралық тәжірибені зерделеу, ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгеру, шығармашылық қабілеттерді дамыту, экологиялық-биологиялық бейін мамандығына кәсіптік бағдарлау арқылы әртүрлі жастағы мектеп оқушысы тұлғасын дамыту және жетілдіру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне арналған.

### **Әдістемелік ұсынымдардың тиімділігі.**

Әдістемелік ұсынымдар халықаралық тәжірибені, елдегі әртүрлі өңірлердегі білім беру ұйымдарының үздік тәжірибелерінен тұратын экологиялық бағыттағы тәрбиелік жұмыстардың әдістерін құрайды.

Әдістемелік ұсынымдарда экологиялық тәрбиенің түрлері мен әдістері, оқушылардың жеке азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған экологиялық іс-шаралар, экологиялық тәрбиедегі бағдарламалар ұсынылған.

Жұмыста адамдардың адамгершілік нормаларын қалыптастыруға бағытталған тәрбие, оқыту, тұлғаның өз бетімен білім алу және дамытудың үзіліссіз процесін білдіретін экологиялық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінген.

Әдістемелік ұсынымдарда Отандық және шетелдік тәжірибеден келтірілген оқушы тұлғасының азаматтық сапасын қалыптастырудағы экологиялық тәрбиенің мониторингі саналы экологиялық әрекеттерді қалыптастыру, тұлғаны экологиялық дамыту негіздері, жеке экологиялық құндылықтарды қалыптастыру баланың табиғатпен тікелей байланысын, дәлірек айтқанда баланың табиғатты қорғауда ұзақ мерзімді тәжірибелік қатысуын көрсетеді.

Осылайша, кешенді экологиялық бағдарламаларды және экологиялық тәрбие қызметінің әртүрлі түрлерін кешенді қолдануды жүзеге асыра отырып, оқушы тұлғасының заманауи жеке қасиеттерін қалыптастыруда жақсы нәтижелерге жетуге болады.

**«Білім беру ұйымдары мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметі»** әдістемелік ұсынымдарында білім алушылардың өзіндік танымдық қызмет саласындағы құзыреттілігін қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымын және патриот азаматты тәрбиелеуге бағытталған зерттеу қызметінің рөлі ұсынылған.

Педагогтерге мұражай педагогикасы арқылы оқу пәндерін оқытуда зерттеу компоненттерін қолдану, мұражай педагогикасы негізінде оқыту қызметінің жобалау әдістері ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлерге және ата-аналарға ұсынылады.

**Тәжірибелік бағыттағы әдістемелік ұсынымдардың тиімділігі:** педагогтерге мұражайлық педагогика негізінде өзінің оқытатын қызметін жобалау әдістері, мұражайлық педагогика арқылы оқу пәндерін оқыту кезінде зерттеу компоненттерін қолдану ұсынылған.

Жұмыста ұсынымдар бойынша: баяндалған.

- педагогикалық тәжірибенің жинақталуы үшін, педагог пен білім алушының шығармашылық ізденісіне, білім беру қызметі адамдарының әлеуетін кәсіби, шығармашылық дамытуға қолайлы жағдай жасау;

- өзін-өзі дамыту, шығармашылық бастамасын дамытуға, мұражайларды дамыту тәжірибесіне қатысу арқылы өз айналасында және білім беру ұйымының беделіне қолайлы жағдай жасау;

- ата-аналарды мұражайлық қызметке қатысуға тарту балаларды тәрбиелеу мен дамытуға әсер етеді, әсерінен оқушылардың ата-аналарын мұражайлық педагогикаға араластыру жанамалы жүреді;

- балаларды дамытуда (интеллектуалды, шығармашылық, әлеуметтік) мектеп, отбасы, қоғам, басқа білім беру ұйымдарын біріктіруге тырысу;

- балада танымдық, эстетикалық және әрекетті-тәжірибелік тұтас бастамаларды қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде бірыңғай тәсілдерді дағдыландыру;

Әдістемелік ұсынымдарда осы бағыт бойынша тиімді жұмыс жасау үшін үлгі болуы мүмкін мұражайлық педагогиканы қолдану бойынша шет елдік тәжірибе мазмұндалған.

**Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытының білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар** жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану қызметінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді білім беру бағдарламаларын оқыту процестерін құру кезеңдерін қамтиды. Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымының оқыту процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттары ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарда туристік-өлкетану қызметінің білім беру бағдарламаларын әзірлеудің тәжірибесі, оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістері ұсынылған.

Ұсынылып отырған материал қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, ата-аналарға арналған.

Әдістемелік ұсынымдың тиімділігі туристік-өлкетану бағыты жеке тұлғаның үйлесімді дамуын, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруды, азаматтық сәйкестік пен толеранттылық мәдениетін қамтамасыз ететін барынша тиімді білім беру технологияларының бірі болып табылады.

Жұмыста балалардың өзін өзі шынайы басқаруы және өзіне өзі қызмет ету арқылы барлық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін тәрбиелік жұмыстың маңызды түрі ретінде туризмге екпін жасалған: турист балалар ұжымының толық жеке өмір сүруі, олар ұжым мен оның жекелеген мүшелерін шешімдер қабылдай отырып және өз бетінше әрекет ете отырып, жағдайды дербес бағалау шарасыздығының алдына қоюы.

Әдістемелік ұсынымдарда балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытындағы бағдарламаны әзірлеудің әдістері ашылған, балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беретін бағдарламалардың болжамды жобасы келтірілген.

Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытындағы білім беру бағдарламасының автор-әзірлемешілері бағдарламалардың өзгертілуі мен жетілдіруі және жаңа өзекті білім беретін бағдарламаларды енгізу есебінен жүзеге асатын балаларға ұсынылатын қызметтің мазмұнын жаңартуға ерекше көңіл аударған.

Экологиялық-биологиялық шығармашылықпен әуестенетін білім алушылар үшін, жас натуралистер станцияларының жетекшілеріне, химия, биология және экология мұғалімдеріне арналған «Экоәлем» балалар танымдық журналының екі нөмірі әзірленіп шығарылды.

Журналдың мақсаты:

балалар-жасөспірімдер, экологиялық-биологиялық шығармашылықты дамытуға көмектесу;

өскелең ұрпақты заманауи ғылыми жетістіктермен таныстыру, экология-биологиялық шығармашылыққа талаптандыру, кәсіби бағдарға қатысу;

балалар мен жасөспірімдердің экологиялық-биологиялық шығармашылық аясында әзірлемелер мен технологиялардың ақпараттық қолдау көрсету;

экологиялық-биологиялық шығармашылық аясында білім алушылар мен олардың тәрбиешілері және қосымша білім беру саласындағы мамандар арасында тәжірибе алмасу.

Журналдың тиімділігі, танымдық экологиялық-биологиялық журналдың балалар мен жасөспірімдердің экологиялық-биологиялық шығармашылығын дамытуға, өскелең ұрпақты заманауи ғылымның жетістіктерімен танысуға, оларды экологиялық-биологиялық шығармашылыққа тартуға, кәсіби бағдарға көмектесуге жағдай жасайды.

«Экоәлем» балалар журналы балалардың зерттеу жұмысын ақпараттық қолдаумен, экологиялық-биологиялық бағыт бойынша әдеби шығармашылықпен, балалар арасында экологиялық-биологиялық шығармашылық аясында құрылымдық тәжірибемен тиімді және жылдам алмасуды қамтамасыз етеді.

Балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан және сырттай байқаулар өткізілді:

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтері арасында «Қауіпсіздік әліппесі» республикалық интернет-байқауы (23.11.2015 ж. – 23.01.2016 ж.).

Мақсаты: үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және жинақтау, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге жағдай жасау.

Байқауға 78 жұмыс түсті, оның ішінде 12 жеңімпаз анықталды.

Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Жануарлар туралы сүйіспеншілікпен» республикалық байқауы (23.11.2015 ж. – 30.01. 2016 ж.).

Мақсаты: үй жануарлары мен баспанасыз жануарларға деген махаббат пен жауаптылыққа тәрбиелеу.

Байқауға 536 жұмыс түсті, оның ішінде 112 жеңімпаз анықталды.

Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Қиялдың шарықтауы» республикалық интернет-байқауы (22.01. – 29.02.2016 ж.).

Мақсаты: балалардың бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылығын, тұлғаның жеке қасиеттерін жан-жақты дамыту.

Байқауға 692 жұмыс түсті, оның ішінде 102 жеңімпаз анықталды.

Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» республикалық интернет-байқауы (02.02.-19.03.2016 ж.)

Мақсаты: Қазақстан халықтарының әдет-ғұрыптарын, үздік ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеуге, сақтауға, дамытуға көмектесу.

Байқауға 91 жұмыс түсті, оның ішінде 25 жеңімпаз анықталды.

Жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Ынтымағы жарасқан өлке» республикалық интернет-байқауы (29.03.- 30.04 2016 ж.).

Мақсаты: Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін нығайту, еліміздегі барлық этнос өкілдерінің салттарын, мәдениетін сақтау және дамыту.

Байқауға 7-18 жастағы білім алушылар қатысты. Байқауға барлығы 82 жұмыс қабылданды, оның ішінде ауылдық жерден - 57, жеңімпаздары – 19.

2016 жылғы 17 наурыз бен 23 мамыр аралығында мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұрпақ+» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында «Ұлы Дала Елі» республикалық байқауын қашықтықтан өткізді.

Мақсаты: білім беру ұйымдары білім алушыларының зерттеушілік және зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға ынталандыру.

Байқауға 5-17 жастағы білім алушылар қатысты. Байқауға барлығы 386 жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – 104.

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұрпақ+» мәдени-білім беру жобасын және 2015-2020 жылдары үштілді білім беруді дамытудың жол картасын іске асыру аясында «Аялаған Астана» республикалық интернет-байқауы өтті.



Мақсаты: балалардың ой-өрісін және астананың қалыптасу тарихына қызығушылығын дамыту.

Байқауға әр түрлі жас санатындағы балалар қатысты. Байқауға барлығы 201 жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – 47.

Бөлім экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану бағыттары бойынша қосымша білім беру педагогтерінің үздік тәжірибесін насихаттау мақсатында өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттық материалдарды жүйелі және уақытылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру сайтында жариялады.

**Туристік-өлкетану және  
экологиялық-биологиялық  
бағыттағы бөлімнің жетекшісі**

**Ш. Макенбаева**